

"Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 220 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 маусымдағы № 253 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 мамырдағы № 220 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрі Мурат Әбуғалиұлы Нұртілеу Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартқа Қазақстан Республикасының атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. Тоқаев